

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті
«Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы
Ақпараттық кітапхана орталығы

Шерхан Мұртаза

Библиографиялық көрсеткіш
(Жазушының 80 жылдық мерейтойына арналады)

Тараз - 2012

УДК 821.512.122.0
ББК 84Каз7-49
М89

Редакция алқасы:

Е.Б.Саурықов, А.А.Озбекова, А.Т.Кембаева

Шерхан Мұртаза: библиографиялық көрсеткіш [Шерхан Мұртазаның 80 жылдық мерейтойына арналады]

/ Құрастырғандар: А.А.Озбекова, А.Т.Кембаева – Тараз: ТИГУ баспаханасы, 2012. – 77 б.

Ұсынылып отырған библиографиялық көрсеткіш – халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Республикаға еңбегі сіңген қайраткер, көрнекті публицист, қоғам қайраткері Ш. Мұртазаның 80 жылдығына арналып шығарылып отыр.

Анықтамалық мазмұны Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығын арқау етеді.

Анықтамалыққа жазушының көркем және публицистикалық еңбектері, сонымен қатар өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми зерттеу жұмыстарының библиографиялық мәліметтері енгізілген.

Библиографиялық көрсеткіш Шерхан Мұртазаның өмірі мен шығармашылығына қызығушылық танытқан ғалымдарға, ізденушілерге, студенттерге, оқытушыларға, жалпы көпшілік оқырман қауымға көмек көрсетеді.

УДК 821.512.122.0
ББК 84Каз7-49

ISBN 978-601-7325-29-7

©ТИГУ, 2012.

Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Ш.Мұртазаның өмірі мен қызметінің атаулы күндері

Шерхан Мұртаза 1932 жылы 28 қыркүйекте Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Талапты аулында дүниеге келді.

- 1950 ж.** Жамбыл қаласында орта мектеп бітірді.
- 1950-1955 ж.ж.** Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің студенті.
- 1955-1956 ж.ж.** Қазақ мемлекеттік «Көркем әдебиет» баспасының редакторы.
- 1956-1960 ж.ж.** «Лениншіл жас» газетінде (қазіргі «Жас Алаш» газеті) әдеби қызметкер, жеке тілші.
- 1963-1970 ж.ж.** «Лениншіл жас» газетінің редакторы.
- 1960-1963 ж.ж.** «Социалистік Қазақстан» газетінің тілшісі, әдеби қызметкері (1991 жылдан бастап «Егемен Қазақстан»).
- 1970-1972 ж.ж.** Балалар және жасөспірімдер әдебиеттерінің басылымы. «Жазушы» баспасының және «Жалын» альманахының бас редакторы.
- 1972-1975 ж.ж.** «Жұлдыз» журналының бас редакторы.
- 1975-1980 ж.ж.** Қазақстан Жазушылар одағының 2-ші хатшысы.
- 1978 ж.** «Қара маржан» романы үшін Қазақстан Мемлекеттік сыйлығы берілді.
- 1980-1989 ж.ж.** «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы.
- 1989-1992 ж.ж.** «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы (1991 жылдан бастап «Егемен Қазақстан»).
- 1992 ж.** «Қазақстан Республикасының Халық жазушысы» атағына ие болды.
- 1992-1994 ж.ж.** Қазақстан Республикасы мемлекеттік телерадиокомпаниясының төрағасы.
- 1995-2002 ж.ж.** Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты.

«Алаш» сыйлығы, «Тұрар Рысқұлов» атындағы, «Отан», «1941-1945-ші ҰОС жылдарындағы еңбектегі ерлігі үшін» медалі, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер», «Қырғызстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер», «Знак Почета» ордендерімен және басқа да медальдармен, Қазақ ССР Жоғары Советінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Қазақстанның мәдениетке еңбек сіңірген қайраткері. Жамбыл облысының, Түркістан, Астана қалаларының құрметті азаматы.

Құрметті Шераға!

Сізді сексеннің сеңгіріне шығып отырған мерейлі мерекенізбен құттықтаймыз. Міне, құлашын көсіле сермегенінен таймай, шаршамай, шалдықпай, қарымды қуатыңызбен, қажымас жігеріңізбен ширығып, шиыршық атып өміріңіздің 80-ші белесіне де шыға келдіңіз. Бұл күнге Сіз туған халқыңыздың топырағымен терең тамырлас туындыларыңызбен келдіңіз.

Сіз – халқыңызға ерен құрметке лайық еңбек еттіңіз. Сексеннің сеңгіріне жетіп, осындай қарымды қаламыңыздан туындаған әдеби мұраларыңыздың, сыншыл пікірлеріңіз бен тұшымды тұжырым-ойларыңыздың арқасынды Сізді халқыңыз үлкен мақтан етеді.

Туған жерінің ғана емес, бүкіл елінің, халқының абыройын асқақтататын өр ұлдары болады. Сіз қасиетті Әулиеата жерінің ғана емес, күллі қазақ елінің мақтанышысыз. Бұл асыра айтқандық емес. Мұндай құрмет Сізге жаратылыстың сирек құбылысы - хас талантыңызбен және туған елім, жерім дегенде еш тартынбай, қынаптан суырылған алмас қылыштай жарқылдаған қайраткерлігіңізбен келді.

1932 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Талапты аулында дүниеге келген Шерхан Мұртазаның өмір жолы оңай болмады. Бұл кез қазақ халқының басындағы алапат ашаршылықпен тұстас келсе, 1937 жылы әкесі Мұртаза «халық жауы» болып ұсталды, балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарымен қатар келді. Жазушы өзінің «Ай мен Айша» туындысында жазғанындай, Айша атты анасының қажырлығымен, өзінің етінің тірілігімен көп қиындықтарды жеңе отырып ер жетті.

Шерағанның жазушылыққа келуі де өзгелерге ұқсай бермейді. Өткен ғасырдың 50-жылдары М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген соң «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде тілші,

әдеби қызметкер, кейін редактор қызметтерінде болып, өмірдің нағыз қайнауында, бел ортасында жүріп, өндіріс тақырыбындағы тамаша шығармаларын жазды. «Қара маржан» романы үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының берілуі шығармашылық еңбегінің жоғары бағалануы еді. Шығармашылықтың бастауы - өмірде, өмірді терең зерттеуде. Қайбір қаламгерлер алғашқы шығармаларын жазғаннан кейін, тоқтап не өзін қайталап жатады. Сіздің шығармашылық даралығыңыз да сонда - өмір қандай кең, сыры қандай терең болса, қуатты қалам қарымыңыз мүмкіндігі де сондай шалқар, тың тынысты, мол арналы болды.

Халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза дегенде – көкірек көзі ояу оқырман жұртшылықтың ойына, ең алдымен, Сіз сомдаған Тұрар Рысқұлов бейнесі келеді. Бес кітаптан тұратын бұл тарихи шығармада халқының болашағы үшін жан аямай күрескен терең білімді, ұлтжанды қайраткердің өмірі мен тағдыры ел басындағы ауыр жағдаймен бірлікте шынайы суреттелінеді. Бұл еңбегіңіз туралы кезінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Көркем әдебиетте Сіз сомдаған бейнелер талай ұрпақтың жүрегінде ұзақ уақыт сақталары сөзсіз. Әсіресе, Тұрар Рысқұловтың өнегелі өмірі мен қызметі туралы жазған іргелі еңбегіңіз өз халқының жарқын болашағы жолында ғазиз жанын пидә еткен есіл ерлерімізге арналған лайықты ескерткіш болды», - деп жоғары бағасын берді.

Қаламыңыздан туындаған драмалық шығармаларыңыз да республика театрларында кеңінен қойылды. Заманның шындығын тереңнен толғаған «Бесеудің хаты», «Сталинге хат», «Ноқтаға басы сыймаған», «Домалақ ана» пьесаларыңыз кезінде Жамбыл облыстық театрында жұртшылықтың көзайымына айналды.

Сіздің ұлтжандылығыңыз бен қайраткерлігіңіз, дарынды жастарға деген қамқорлығыңыз, әсіресе, «Жалын», «Жұлдыз» журналдарының, «Қазақ әдебиеті» мен «Егемен Қазақстан»

газеттерінің бас редакторы, «Қазақстан» мемлекеттік телерадиокомпаниясының төрағасы қызметтерін атқарғанда, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болғаныңызда айқын танылды. Еліміздің егемендік алған алғашқы жылдарында Сіздің ұлт болашағы мен мемлекеттік тілдің жайы туралы айтқан өткір де шыншыл ой-толғамдарыңыз, мерзімді басылым беттерінде жарияланған публицистикалық еңбектеріңіз көпшіліктің көкейіндегі талап-тілектермен, мазасыз алаңдаушылықпен ұштасып жатты. Дәл осы кездегі Сіздің қайраткерлік бейнеңізден «Қызыл жебедегі» Тұрар Рысқұловпен, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлымен үндестікті сезінуіміз қандай асыл қасиет еді. Расында да, Тұрар Рысқұловтай, Бауыржан Момышұлындай кесек тұлғалар туралы шығармалар жазу үшін автордың өзі де «халқым, елім» дегенде сондай биіктен көріну қажеттігінің үлгісін таныттыңыз. Бүгінде әдебиеттің, журналистиканың майталманына айналған талай дарынды әріптес інілеріңіз Сізді құрметпен, шын сүйіспеншілікпен «Шераға!» деп атайды.

Халқыңыздың, еліңіздің Сізге деген құрметі жоғары. Дегенмен, жазушы үшін Отанымен бірге көңілінен бір де таса болмайтын туған жері деген алтын қазынасы, биік тұғыры болады. Сіздің туындыларыңызда қасиетті Әулиеата жерінің табиғаты мен адамдарының кеңінен суреттелуі, айтулы тұлғаларының асқақ бейнелерінің жасалуы туған ел, халық алдындағы перзенттік борышыңыздан туындап жатқаны сөзсіз. Мұндай ұланғайыр еңбекке белгілі дәрежеде елдің қайтарымы да болуы қажет деп ойлаймыз.

Осыған орай, Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығының ашылуы туған жеріңіздің Сізге деген құрметі, ыстық ілтипатының бастамасы деп қабыл алуыңызға болады.

Қандай игілікті іс, үлкен жұмыс болмасын осындай ізденістен туындап жатады. Сіздің тамаша шығармашылық еңбектеріңіз - халықтың игілігі, рухани қазынасы. Ал оны насихаттау, таныту, зерттеу, бағалау келешектің міндеті

десек, «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығының атқарып жатқан, алдағы уақытта әлі де атқарар жұмысының зор көлемі көрінеді.

Құрметті Шераға! Адам баласының азаматтық борышы қиындамаса, ешуақытта жеңілдемейді. Тәуелсіз еліміз үшін, халқымыздың руханияты мен мәдениеті үшін ғұмырын бағыштаған адамға амандық, зор денсаулық керек. Олай болса, жасыңыз ұзақ болып, деніңіз сау болып, шығармашылық табысты болуыңызға шын жүректен тілектеспіз!

Ерболат Байұзақұлы Саурықов
Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің
ректоры, филология ғылымдарының докторы

ШЕРХАНТАНЫМ

Дарынды жазушы – жаратылысынан ұстаз. Қоғамның ұстазы, заманның ұстазы. Жалпы оқырманның ұстазы. Талантты топтың ұстазы. Ресейде «бәрі Гогольдің шекпенінен шыққан» деген сөз бар. Біздегі орта буын жазушылар Шерағаңның шапанынан шыққанбыз десе ақиқат.

Ел билеудің, әділ төрелік айтудың, ел мен жер қорғаудың, бұлбұл үн мен дүлдүл сөздің өнеге-үлгісі – Шерхан Мұртаза шыққан текте баяғыдан келе жатқан қасиет. Бұлардың ең биігінде ең ұлы құдырет – қазақ деген халықтық тек тұр.

Шерхан Мұртаза шығармалары неге текті дегенде осыны айту керек. Шерхан Мұртаза шығармалары неге ақиқатшыл дегенде де айтатыны сол. Шерхан Мұртаза шығармалары неге қайраткер дегенде де жауабы әлгіндей.

Шерханның жан-дүниесі бүтіндей де, жартылай да жұмбақ емес. Ол өз көкірегінің кенге толы кең сарайын өз халқына айқара ашып тастаған. Өзі не жасаса, барлық адамнан соны көксейді. Жазушы пайымы, адамдар бір – біріне кеудесін ашып көрсетпей, ойларын ашық ортаға салмай, толыққандылыққа жете алмай тоқырай беру күйін кешеді.

Шерағаң шыққан биік – халық қызыға көз тігетін биік, халық сүйенетін биік, халық қастерлейтін биік. Бұдан асқан бақыт бар ма?! Десек те, өз басым бақыт дегенді шартты нәрсе деп санаймын. Ал бұған қарсылар болса, айтарым: жазушы үшін бақыт – ұзақ ғұмыр. Шерағаңның өз сөзімен айтқанда, халқына беретіні көп болуы үшін жазушыға ұзақ ғұмыр керек. Тәңірім, қазақтың атасының ақ батасын, анасының ақ сүтін абыроймен ақтап келе жатқан алып перзенттерінің бәріне осыны сыйласын.

Несіпбек Дәутайұлы
Жазушылар Одағының Жамбыл облыстық филиалының
директоры, жазушы

ЗАУ ТҰЛҒА

Шерағаң биігіне шығу оңай емес.

Шерхан Мұртаза – заңғар жазушы, шебер аудармашы, жалынды публицист, бесаспап журналист.

Бұл сөзімнің түбіне терең бойлаған адам Шерағаңды аз да болса, тани түсері хақ. «Аз да болса» - деуімнің сыры тереңде, өйткені бұл ғажап, жұмбақ адамды толық тану мүмкін емес.

Қазақстанда бес республикалық басылымды басқарған бас редактор, бес романнан тұратын эпопея жазған жазушы жоқ.

Осы бір жанкешті тірліктің аз-кем дәмін татқан біз білеміз, бәрі қиямет-қайым еңбекпен келген. «Халық жауының» баласын ешкім әлпештеп әздек еткен жоқ, қолынан жетектеп қатарынан оздырмаған. Өмірде қолы жеткенінің бәрі таудай талаптың, ұлан-ғайыр таланттың арқасында мүмкін болған.

Шерағаң жөнінде желіп өтіп, желпініп кетіп сөз айту - әбестік.

Тұрар көкесінің кемелдігі мен кемеңгерлігіне, Бауыржан ағасының батырлығы мен даналығына қанығып өскен Шерағаң халқына дәл сол арыстарша қызмет етудің үлгісін көрсетті.

Шерхан – қайраткер, Шерхан – қаламгерге есті қазақ бас исе керек. Солай болып та жүр, аузы дуалы ағаларымыздың Шерханды қазақтың төлқұжатына балағаны әмбеге аян.

Өз басым осындай ұлы адаммен кей-кезде үзеңгілес, ілуде бір дастархандас, жолын қуған інісі болғанымды бақытым деп білемін. Ағаны асқар тұтып, атын асқақтатып сөйлеуден айныған емеспін.

Шерағаң – ісі қазақтың асылы.

Әлдихан Қалдыбаев,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

Шерхан Мұртазаның шығармашылығы және қоғамдық қызметтері

Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер, қарымды қаламгер, көрнекті жазушы, белгілі публицист Шерхан Мұртаза 1932 жылы асқақ Алатаудың етегіндегі мөлдір сулы Мыңбұлақтың шұрайлы алқабында, қазіргі Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарасты Талапты ауылында дүниеге келген. «Жазушылық - өзгеше өмірбаяннан басталады», - дейді М.Горький. Сол айтқандай, шыр етіп жерге түскенде-ақ Шерхан Мұртаза өмірбаяны өзгеше басталған.

Ес кіріп, балалықтың бал дәурені енді-енді басталар кезде қытымыр заман нәубеті 1937 жыл келді. Әкесі Мұртаза «халық жауы» деген жаламен ұсталып, «Рыскуловщинаға ілікті». Буыны бекіп, ат жалын тартып мінер-мінбестен Ұлы Отан соғысы басталып, балалық дегеннің не екенін білмей ерте есейді.

1950 жылы мектептен соң бірден арман арқалап нақты мақсат жетелеген бозбала Мәскеуге жол тартты. 1955 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді. Озық та ұлағатты дәстүрлерін, зиялы тағылымдарын өз бойына мейлінше мол сіңіруге тырысқан намысқой, еңбекқор, жігерлі жігіт сапары сәтті болып беделді университеттің биік талаптары мен қатал сындарынан мүдірмей өтті.

Адам өзінің туған, жаратылған топырағына тартып туады, содан нәр алып өседі. Шерхан Мұртаза дүниеге келген Жуалы өңірі өзінің тамылжыған табиғатымен қоса халқының мақтанышына айналған небір жайсан азаматтарымен, даңқты ұлдарымен аты шыққан, әруақ қонған өлке. Сонау арғы заманды айтпағанның өзінде, кешегі өткен ер Баукеңді - Бауыржан Момышұлын айтсақ та жеткілікті. Қаршадай кезінен ел басына түскен қиыншылықтарды солармен бірге

көріп өскен Шерхан Мұртаза сол халқының бар жақсы қасиеттерін - дәстүр-салтын, сенім-нанымын бойына сіңіріп, ділін ұғынып, тілін қасиет тұтты. Заман қанша қытымыр болса да, ол кезде халықтық асыл қасиеттер қалыбын әлі бұзбаған болатын. Ал, мұндай рухани қуат болашақ жазушы үшін өмірлік нәр беріп отыратын - қайнар бастаудың көзіндей болды.

Өзінің студенттік шағында жинақтаған парасат – пайым қорын 1955-1963 жылдары «Жас Алаш» (бұрынғы «Лениншіл жас»), «Егемен Қазақстан» (бұрынғы «Социалистік Қазақстан») газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі-кәдімгі журналист ретінде мейлінше тиімді, мейлінше өткір пайдалана білген жас маман осындай қабілет-қарымы арқылы көзге түсе бастады.

Сонымен қатар, ол жер көріп - ел аралаған; тіршіліктің әрқилы демімен, әралуан қауымымен қоян-қолтық араласқан; шүйіркелесіп сырласқан; замандастары мен тағдырластарының жүрек лүпілін; ой-қиялдары мен арман мүдделерін; небір зәру проблемаларын очерктері мен мақалаларында әдемі жазған, ысылған журналистке; алғашқы әңгіме-повестерінде өмірден зердеге түйгендерін көркем кестелеуге ұмтылған жазушыға айналды.

Жас журналистің «Құрылысшы Дәку» (1958 жылы) атты очерктер жинағы, онан соң жас прозашының тырнақалды «Табылған теңіз» (1963 жыл), «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965 жыл) повестері жеке-жеке кітап болып, оқырмандар қолына тиді. Мұнан соң «Белгісіз солдаттың баласы» (1967 жыл), «Мылтықсыз майдан» (1969 жыл) атты жаңа туындылар - повестер дүниеге келді. Осы төрт повестің соңғы екеуін кейін жазушы өзінің таңдамалы екі томдығына (1982 жыл) енгізді.

1963-1970 жылдары «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің, 1970-1972 жылдары «Жалын» альманағының; 1972-1975 жылдары «Жұлдыз» журналының бас редакторы; 1975-1980 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы; 1980-1989 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде; 1989-1992 жылдары «Социалистік

Қазақстан (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бас редакторы; 1992-1995 жылдары Мемлекеттік Телерадиокомитетінің төрағасы қызметтерін атқарды; 1995-2002 жылдары Республика Парламентінің бірнеше шақырылымының депутаты болып сайланды.

Заманымыздың ұлы суреткері Шыңғыс Айтматов шығармаларының дүние жүзі елдеріне ең көп аударылып жүргені көзқаракты оқырманға кеңінен мәлім. Шыңғыс Айтматов шығармаларының аударылуы автор үшін де, аудармашы үшін де ерекше олжа. Шерхан Мұртаза Шыңғыс Айтматовтың «Қош Гүлсары!», «Теңіз жағалай жүгірген төбет» повестері мен, «Боранды бекет», «Жан пида» романдарын аударды. Аудармашы Шерхан Мұртаза Шыңғыс Айтматов шығармаларының рухын оқырманға дәл жеткізе білді.

Жазушы Шерхан Мұртазаның табанды еңбегінен, жан-жақты ізденісімен туған алғашқы көлемді туындысы «Қара маржан» атты романына кезінде ірі өндіріс орталығына айналған Қаратау кеншілерінің өмірі арқау болды. Жұмысшы, кенші еңбегінің қиындығын, күрделілігін сезінген, түйсінген қаламгер бұл тақырыптың қыр-сырына жіті үңіліп, көп зерттеді.

«Қара маржан» романы идеялық-тақырыптық жетістігімен, көркемдік бағыттағы өзіндік ізденісімен, көпшіліктің көңілінен шығып, қазақ әдебиетіне үлкен табыс әкелген айтулы шығарма ретінде лайықты бағаланып Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Күрескерлік рух, азаматтық қайсарлық, суреткерлік зерделілік Шерхан Мұртазаны Тұрар Рысқұловқа алып келді. Қайсар қаламгер отыз жыл өмірін жұмсап, «Қызыл жебе» эпопеясы арқылы халқының көп жоғалтқанының бірі. Рысқұловты тапты, халқына танытты. Ал, Рысқұлов тағдыры – халық тағдыры. Сондықтан да Рысқұловты тану - халықты тану деген сөз. Халықты тану - өзінді тану, халықтың өзін-өзі тануы. Тектіні текті ғана тани алатынындай, өзімен рухтас Рысқұловтай біртуар тұлға арқылы ғана іздегенін табатынын,

сол арқылы ғана халқын оята алатынын, тіпті халықты өзіне өзін таныта алатынын пайымдады. Сөйтіп, Рысқұлов болмысын оятып, рухын тірілтті. Оның рухынан өзі де күшқуат алды. Біртіндеп Рысқұловқа өзі де ұқсап бара жатты. Бұл ұқсастықты бүгінде бүкіл ел жұрты, халқы байқап болды. Рысқұловтың халқына жасаған еңбегі қандай өлшеусіз болса, Шерхан Мұртазаның да Рысқұловты «тірілтудегі» еңбегі зор. «Отыз жыл бойы жан дүниемді, ой-санамды билеп, ұзақ сапарға жол бастадыңыз. Ол аса қиын жол еді», - дейді жазушы.

Тәуелсіздігіміздің он жылы ішінде суреткер Шерхан Мұртаза қаламынан дүниеге атақты «Қызыл жебе» роман-эпопеясының бесінші әрі соңғы кітабы - «Тамұқ» романы, «Ай мен Айша» романы, «Елім саған айтам, Елбасы, сен де тыңда!», сондай-ақ «Есек саудасы», «Домалақ ана», «Бауыржан батыр», («Ноқтаға басы сыймаған») атты пьесалары туды.

Екі кітаптан тұратын «Ай мен Айша» роман-диалогиясы автордың анасына қойған ғажайып көркем ескерткіші.

Егер анасы - Айша болмаса, Шерхан Мұртазаның жазушы болмауы және қазақ әдебиетінің осы роман-монологта азды-кем талданатын бірталай туындылардан тұратын көркемдік олжаға кенелмеуі басы ашық жайт екенін аталмыш туынды анық дәлелдейді.

Шерхан Мұртаза - қазіргі қазақ әдебиетінің рухани қорын әр жанрдағы еңбектерімен байытқан қарымды қаламгердің бірі. Ол қазақ халқының бір ғасырлық (1904-2004) жанды картинасын жасауға белсенді қатысты. Оның қаламымен Домалақ ана, В.И.Сталин, Т.Рысқұлов, Ғ.Мүсірепов сынды тарихи тұлғалардың сахнадағы сом тұлғасы жасалды. «Елім саған айтам, ел басы, сен де тыңда!» деп қазақ халқына Абай өсиетін жаңғыртты.

Шерхан Мұртазаның соңғы жылдардағы туындыларын тұтастай қарастырсақ, онда біз шығармашылық-азаматтық парызын тәуелсіз еліміздің рухани мүддесіне-талаптарына сай, абыроймен атқарып жүрген халық қалаулысымен, яғни

қаламы жүйрік, ойлары қуатты аса көрнекті тарлан суреткермен жүздесер едік. Ел-жұрты әлдеқашан таныған, шын мәніндегі Халық жазушысының кемерлі де кенен еңбегі осыны көрсетеді.

Тәуелсіздікке қолы жетіп, егемендікке ие болған еліміздің ұлы көшінің де аумай-талмай болашаққа жетуі осындай көшбастар азаматтарға байланысты. Сондықтан, бұл жолда халқы да Шерхан Мұртазадай ұлық туған перзенттеріне көп сенім артып, көп арқа сүйейді.

Биыл 80 жасқа толып отырған Шерхан Мұртаза - халық мақтанышына айналған азамат, қайраткер, ең бастысы, жұлдызы нұрлы суреткер!

Ол - егемен еліміздің көптеген жоғары наградаларының иегері. Соның ішінде қаламгердің өзінің ерекше құрмет тұтатыны - «1941-1945 жылдардағы еңбектегі ерлігі үшін» медалі мен 2002 жылы марапатталған «Отан» ордені.

Өмірі және шығармашылығы мен қызметі туралы Жизнь и деятельность

Әдебиеттер:

Литературы:

1969

1. Писатели Казахстана. 1917-1967: [Справочник] – Алматы: Жазушы, 1969. – С. 220.

1974

2. Әшімбаев С. Жаралы жылдар елесі: [Ш.Мұртазаев шығармашылығы туралы] /Кітапта: Сын мұраты. Әдеби сын. – Алматы: Жазушы, 1974. – 206-225 б.

1976

3. Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 8. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас ред., – 1976. – 216 б.

1977

4. Нығметов А. Адам және қоғам: Қазақ прозасындағы совет адамдарының характері. – Алматы: 1977, 88-89 б.

1978

5. Қаратаев М. Қызғаныш түбі қылмыс [Ш.Мұртазаевтың «Қара маржан» романы туралы] /Кітапта: М. Қаратаев Революция рухымен. Алматы: Жазушы, 1978. – 408-414 б.

1980

6. Бердібаев Р. Замандас тұлғасы туралы ойлар: [Ш.Мұртазаев шығармашылығындағы замандастар тұлғасы] – Кітапта: Уақыт және қаламгер. – 7.К. – Алматы: 1980, 137-153 б.

1982

7. Писатели Казахстана: Справочник / Сост. М.Ауезов, К.Жорабеков, Р.Жангужина. – Алма-Ата: Жазушы, 1982. – С.163-164.

1986

8. Мүсірепов Ғ. Жұлдыз көпір және Тұрар: [Ш.Мұртазаевтың «Жұлдыз көпір» романы туралы] /Кітапта: Сөзстан. Жас қаламгерлер кітапханасы. К.7. Құр.: Б.Сарбалаев. – 1986. – 115-120 б.

9. Сарбалаев Б. Адам жанының бір қазынасы: [Ш.Мұртазаевтың «Қара маржан» романы туралы] / Кітапта: Б.Сарбалаев. Ақиқат алдында: Әдеби сын мақалалар. – Алматы: 1986. – 74-84 б.

1987

10. Советтік Қазақстан жазушылары. Био-библиографиялық анықтамалық. - Алматы: Жазушы, 1987. – 428 б.

1993

11. Шераға 60 жаста. [Қазақтың халық жазушысы Шерхан Мұртаза] – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 184 б.

12. Шераға. [Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шерхан Мұртазаның 60 жасқа толған мерейтойы] – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 184 б.

1997

13. Элита Казахстана: Справочник. – Алма-Ата: Институт развития Казахстана, 1997. – С. 273-274.

14. Кто есть кто в Республике Казахстан. 1996-1997. Справочник. – Алматы: Республика Казахстан, 1997. – С. 338.

1999

15. Қазақ әдебиеті: энциклопедия. – Алматы: 1999. – 489-490 б.

2000

16. Мақпырұлы С., т.б. Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған байқау оқулығы /С.Мақпырұлы, Г.Құрманбаева, А.Қыраубайқызы. – Алматы: Рауан, 2000. – 170-183 б.

17. Смайылов К. Журналист ел алдына шықты. [Шерхан Мұртазаға хат] / К.Смайылов Жолданбаған 27 хат. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 145-155 б.

18. Смайылов К. Хаттар қалай басталған еді... Шерхан екеуіміздің 25 хатымыз / К.Смайылов // Жеті қыр, бір сыр. Естеліктер, публицистика. – Алматы: Атамұра, 2000. – 199-205 б.

19. Түркістан. Халықаралық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы. – 2000. – 486-487 б.

2001

20. Ашимбаев Д.Р. Кто есть кто в Казахстане: 5-е изд., доп. – Алматы: Credo, 2001.

2002

21. Кто есть кто в Казахстане: Биографическая энциклопедия. –Изд.6-е, доп. – Алматы: ИД «Credo», 2002. – С. 317.

22. Жұмабек С.Е. Жұлдызы нұрлы суреткер: [Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның шығармашылық жолы жайында роман-монолог]. - Алматы: Қазығұрт, 2002. – 152 бет.

23. Дүйсенбек Ә. Менің Шер ағам: [Эссе-әңгімелер мен новеллалар] – Алматы: Өлке, 2002. – 112 б.

24. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.4: Ж-К /Бас ред. Ә.Нысанбаев.- Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас ред., 2002. – 26 б.

25. Мамасейіт Т. Шерхан Мұртаза [Қаламгерлік, қайраткерлік ғұмырбаян). – Астана: Елорда, 2002. – 280 б.

26. Жұмабек С.Е. Шерхан Мұртаза. Жұлдызы нұрлы суреткер: [Жазушының шығармашылығы жайында] Роман-монолог. – Алматы: Қазығұрт, 2002. – 152 б.

27. Мамасейіт Т. Шерхан Мұртаза: [Қаламгерлік, қайраткерлік ғұмырбаян] – Астана: Елорда, 2002. – 280 б.

2003

28. Тараз. Жамбыл облысы: Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы ЖАҚ-ы, 2003. – 408-409 б.

2004

29. Жәдігер. Егемен Қазақстан – 85 // Құрастырып, түсініктерін жазған Ж. Аупбаев. – Алматы: 2004. – 97 б.

30. Қазақ Жазушылары: ХХ ғасыр. Анықтамалық. – Алматы: Ана тілі баспасы ЖШС. – 2004. – 221 б.

31. Жәдігер. Егемен Қазақстан – 85 // Құрастырып, түсініктерін жазған Ж. Аупбаев. – Алматы: 2004. – 97 б.

32. Оңғарсынова Ф. Шерхан Мұртаза туралы сыр /Кітапта: Ф.Оңғарсынова. Он томдық шығармалар жинағы. Т.8. Эсселер, мақалалар. – Астана, 2004. – 147-169 б.

2005

33. Әлімжан Е. Ұлт рухының жаршысы. /Кітапта: Е.Әлімжан. Толық адам туралы. – Алматы: Алуа, 2005. – 93-123 б.

34. Мәмесейіт Т. Көркемдік шындықтың көкжиегі / Кітапта: Т.Мәмесейіт // Дидар. Әдеби сын [Мақалалар, портреттер мен эсселер] – Астана: Елорда, 2005. – 58-172 б.

35. Сыздық Р. Сөз күдіреті [Мәтін] Толықт. 2-бас. – Алматы: Атамұра, 2005. – 271 б.

36. Қаратаев М. Тұрар туралы трилогия /М.Қаратаев. Бетбұрыс белестері. – Алматы: Алатау, 2005. – 90-98 б.

37. Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. /ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі. – Алматы: Аруна, 2005. – 380-381 б.

38. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Т.9. – Алматы: ҚазАқпарат.- 2005. – 630-662 б.

39. Қазақстан: Ықшам энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы ЖАҚ, 2005. – 536 б.

2006

40. Қайырбеков Ғ. Шерхан Мұртаза / Ғ.Қайырбеков К.2. Алыс та жақын жағалау. – Алматы: Білім, 2006. – 125-129 б.

41. Қазақстан. Национальная энциклопедия Т.5. / Гл.ред. Б.Аяган.- Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – С. 432.

42. Қазақстан: Краткий энциклопедический словарь. – Алматы кітап, 2006. – 474 с.

2007

43. Дүйсенбек Ә. Шерағамның шеруі: [Роман-эссе] – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 216 б.

2010

44. Қазақтың Шерағасы. 1 томдық. К. 1. /Құр.: Е.Құлбарақ. – Түркістан: Тұран, 2010. – 299 б.

2011

45. Балауса [Мектеп оқушыларының туындылары] / Ред. Ә.Мендібай – Тараз: «Шерхантану» ҒЗО, 2011. – 29 б.

Ол туралы және шығармашылығы туралы мақалалар Статьи о нем и его произведениях

1964

46. Нұрманов А. Сабақты ине сәтімен: [Жазушы Ш.Мұртазаевтың «Табылған теңіз» повесі туралы] // Қазақ әдебиеті. – 1964. – 21 июль.

47. Есназаров Ө. Замандас бейнесі: [Жазушы Ш.Мұртазаевтың «Табылған теңіз» повесі туралы] // Оңтүстік Қазақстан. – 1964. – 27 август.

48. Досов Ә. [Жазушы Ш.Мұртазаевтың «Табылған теңіз» повесі туралы] //Еңбек туы. – 1964. – 29 сентябрь.

49. Нұрпейісов К. Құрбының сыры: [Жазушы Ш.Мұртазаевтың «Табылған теңіз» повесі туралы] //Қазақ әдебиеті. – 1964. – 27 ноябрь.

50. Жақсыбаев А. Ұнамды ма? [Жазушы Ш.Мұртазаевтың «Табылған теңіз» повесі туралы] //Қазақ әдебиеті. – 1964. – 27 ноябрь.

1966

51. Танқаев С. Әкеге тартып ұл туса игі: [Ш.Мұртазаевтың «Белгісіз солдаттың баласы» повесі туралы] //Қазақ әдебиеті. – 1966. – 17 июнь.

52. Мұхамеджанов Қ. Бүгінгі жастың бейнесін іздесек...: [Ш.Мұртазаевтың «Белгісіз солдаттың баласы» повесі туралы] //Жұлдыз. – 1966. – № 10. – 160 б.

1969

53. Мағауин М. Сезім шындығы: [Ш.Мұртазаевтың «Мылтықсыз майдан» повесі туралы] // Қазақ әдебиеті. – 1969. – 23 тамыз.

54. Досанов С. [Ш.Мұртазаевтың «Мылтықсыз майдан» повесі туралы] // Жетісу. – 1969. – 5 ноябрь.

1970

55. Исаев Б. [Ш.Мұртазаевтың «Мылтықсыз майдан» повесі туралы] // Қазақ әдебиеті. – 1970. – 17 апрель.

1971

56. Ханбеков Л. Шағын ауыл шалқар тірлік: [Ш.Мұртазаевтың «Мылтықсыз майдан» повесі туралы] //Лениншіл жас. – 1971. – 5 январь.

1972

57. Нығыметов А. Заман сыры және жастар өмірі: [Ш.Мұртазаевтың «41 жылғы келіншек» повестері мен әңгімелер жинағы туралы] //Лениншіл жас. – 1972. – 7 отябрь.

58. Әшімбаев С. Қарапайым жандар хикаясы: [Жазушы Ш.Мұртазаевтың творчествасы туралы] //Қазақ әдебиеті. – 1972. – 10 ноябрь.

59. Шәмшиев З. Өмір туралы ойлы сыр: [Ш.Мұртазаевтың «41 жылғы келіншек» повестері мен әңгімелер жинағы туралы] //Коммунизм туы. – 1972. – 15 ноябрь.

60. Қайыржанов С. Отты жылдар елесі: [Ш.Мұртазаевтың «41 жылғы келіншек» повестері мен әңгімелер жинағы туралы] //Ленин туы. – 1972. – 14 декабрь.

1975

61. Досжанов Д. Заман және замандас бейнесі: [Ш.Мұртазаевтың «Қара маржан» кітабы жайлы] //Қазақ әдебиеті. – 1975. – 4 июль.

62. Ыдырысов Т. Шағын жанр өрісі: [Ш.Мұртазаевтың «Интернат наны» кітабы жайлы] //Қазақ әдебиеті. – 1975. – 12 сентябрь.

1976

63. Сарбалаев Б. Жүректен табылған бір қазына: [Ш.Мұртазаевтың «Қара маржан» романы туралы] //Жалын. – 1976. – № 6. 117-122 б.

1977

64. Тоқбергенов Т. Тамырдың терең бүлкілі: [Ш.Мұртазаевтың «Қара маржан» романы туралы] //Лениншіл жас. – 1977. – 7 январь.

65. Әбілдаев Б. [Ш.Мұртазаевтың «Қызыл жебе» романы туралы] //Еңбек туы. – 1977. – 6 октябрь.

1978

66. Досжанов Д. Суреткер қуаты: [Ш.Мұртазаевтың «Қара маржан» кітабы жайлы] //Қазақ әдебиеті. – 1978. – 4 август.

67. Рүстембеков Н. [Ш.Мұртазаевтың «Қара маржан» кітабы жайлы] //Еңбек туы. – 1978. – 5 август.

68. Тоқбергенов Т. Биіктерге бет алған: [Ш.Мұртазаевтың творчестволық портреті] //Лениншіл жас. – 1978. – 9 август.

69. Қаратаев М. Қызғаныш түбі – қылмыс: [Ш.Мұртазаевтың «Қара маржан» романы туралы] //Социалистік Қазақстан. – 1978. – 19 апрель.

70. Орынбаев Қ. Шындық пен шеберлік: [Ш.Мұртазаевтың «Қара маржан» романы туралы] //Социалистік Қазақстан. – 1978. – 11 август.

1979

71. Мәмесейітов Т. Алысқа атылған жебе: [Ш.Мұртазаевтың «Қызыл жебе» романының 1-ші кітабына рецензия] //Жұлдыз. – 1979. – № 1. – 219-222 б.

72. Сәтібеков Ж. Найзағай жолына қол созып: [Ш.Мұртазаевтың «Қызыл жебе» романы туралы] //Еңбек туы. – 1979. – 28 март.

73. Әбілдаев Б. [Ш.Мұртазаевтың «Қызыл жебе» романының 1-ші кітабы туралы] //Еңбек туы. – 1979. – 14 сентябрь.

1980

74. Жұмабеков С. Бір романның көркемдік әлемі: [Ш.Мұртазаевтың «Қызыл жебе» романына пікір] //Лениншіл жас. – 1980. –16 октябрь.

1981

75. Сыздықов М. Жарылыс: [Ш.Мұртазаевтың «Қара маржан» романы Жамбыл сахнасында] //Еңбек туы. – 1981. – 21 февраль.

1982

76. Бердикулов С. Найденное море: [О творчестве Ш.Муртазаева] // Ленинская смена. – 1982. – 28 сентября.

77. Нұржекеев Б. Бейнетті жолдың биігінде: [Белгілі жазушы Шерхан Мұртаза - 50жас] // Лениншіл жас. – 1982. - 28 қыркүйек.-3 б.

78. Нысаналин А. След крылатого пера: [К 50-летию со дня рождения Ш.Муртазаева] // Казахстанская правда. – 1982. – 29 сентября.

1984

79. Әбілда Б. [Жазушы Шерхан Мұртазаевтың «Жұлдыз көпір» роман-эпопеясы туралы] //Еңбек туы. – 1984. –20 сентябрь.

1988

80. Белгер Г. Сана соты – тарих соты: [Шерхан Мұртазаевтың «Сталинге хат» трагедиясы төңірегінде бірер ой] //Социалистік Қазақстан. – 1988. –5 маусым.

1989

81. Жұмабеков С. Суреткер. Сыр мен сымбат: [Жазушы Шерхан Мұртазаевтың творчествасы туралы] //Қазақ әдебиеті. – 1989. –29 желтоқсан. – 6-7 б.

1992.

82. Баялиев К. Азамат жазушы, қайраткер [Жазушы Шерхан Мұртаза – 60 жаста] //Ақ жол. – 1992. – 1 қыркүйек.

83. Жұмабайқызы А. Ұстаздарының да мақтанышы. [Жазушы Шерхан Мұртаза – 60 жаста] //Ақ жол. – 1992. – 3 қыркүйек.

84. Жұмабеков С. Жұлдызы нұрлы суреткер [Жазушы Шерхан Мұртаза – 60 жаста] //Алматы ақшамы. – 1992. – 8 қыркүйек.

85. Мұхамеджан Қ. Кесек тұлға, кенен дарын. [Жазушы Шерхан Мұртаза – 60 жаста] //Жас алаш. – 1992. – 10 қыркүйек.

86. Оңғарсынова Ф. Жұлдыз тағдырлы жазушы. [Жазушы Шерхан Мұртаза – 60 жаста] //Жас алаш. – 1992. – 10 қыркүйек.

87. Шығыстың Шерханы. [Жазушы Шерхан Мұртаза – 60 жаста] //Жас алаш. – 1992. – 10 қыркүйек.

88. Сұңқар мінез қалпынмен... [Ш.Мұртазаға арналған өлең] //Қазақ әдебиеті. – 1992. – 11 қыркүйек.

89. Шерханның шекпенінен шығып едік... [Жазушы Шерхан Мұртаза-60 жаста] //Қазақ әдебиеті. – 1992. – 11 қыркүйек.

90. Сүлейменов Ж. Тұрар және Шерхан. [Жазушы Шерхан Мұртаза – 60 жаста] // Ақиқат. – 1992. – № 9. – 58-63 б.

1993

91. Олжай Қ. Шындықты шыңдап, мұратты мүсіндеген: [Жазушы Шерхан Мұртаза шығармашылығы жайлы] //Егемен Қазақстан. – 1993. – 9 қараша.

1994

92. Олжай Қ. Шапанынан шәкірт өрген Шерағаң: [«Шераға» атты кітап туралы] //Егемен Қазақстан. – 1994. – 3 наурыз.

93. Төлендиев С. Азаматтың ары қымбат. [Депутат Ш.Мұртаза туралы] //Егемен Қазақстан. – 1994. – 17 мамыр.

94. Баялиев К. Шеберлік шыңында [Шерхан Мұртазаның «Тамұқ» кітабы туралы ой] //Ақ жол 1994. – 28 мамыр.

95. Қайырбеков Ғ. Жұлдыздың жарығы: [Шерхан Мұртазаның «Тамұқ» кітабы туралы] //Егемен Қазақстан. – 1994. – 24 тамыз.

1995

96. Әлімжанов Е. Әлем таныған тұлға [Жазушы Шерхан Мұртаза туралы] //Ақ жол. – 1995. – 14 қаңтар.

2000

97. Жақсылықбаева Р. Шерхан Мұртазаның жолсапар очерктері хақында // Ізденіс. – 2000. – № 3. – 57-62 б.

98. Ғазизұлы А. Шерхан Мұртаза: Қазақтың жері мен тілін көкпарға бере алмаймын. / Наурыз әзілдерін салған А. Ғазизұлы. – Егемен Қазақстан. – 2000. – 22 наурыз. – 16 б.

99. Байтуов Қ. Сайлаушылармен кездесу / Ш.Мұртаза //Ақ жол. – 2000. – 5 тамыз.

2001

100. Төлеметов Қ. [Мәжіліс депутаты Ш.Мұртаза] Жаратылған халқының намысынан: өмір-өзен // Егемен Қазақстан. – 2001. – 31 қаңтар. – 10 б.

101. Сәттібайұлы К. «Шерхан Мұртазаның» кітаптары шабытты оятты // Жас алаш. – 2001. – 15 мамыр.

102. Сейтақ А. Шерағаң қозғаған шер // Алын орда. – 2001. – 22 маусым.

103. Дүйсенбек Ә. Азған ағзаға ауру үйір. / Ш.Мұртазаның спорт туралы айтқандары //Егемен қазақстан. – 2001. – 27 маусым.

104. Сәрсенбай О. Таза бұлақ [«Ай мен Айша» романы туралы] // Егемен Қазақстан. – 2001. – 28 шілде.

105. Коновалов С. Как живешь, регион?: Рейтинги партий, движений и общественных деятелей г.Астаны // Регион. – 2001. – 28 сентября. – С. 1,4

2002

106. Байырбек Н. Шерхан Мұртаза: өзімше, өз пікірімен жүрген адаммын // Жас Алаш. – 2002. – 12 ақпан. – 5 б.

107. Ақылжан М. Шерағанның шарапаты. [Жазушы Шерхан Мұртаза-70 жаста] // Ақ жол. – 2002. – 7 мамыр.

108. Омарова Г. Қазақстан парламенті Мәжілісінің депутаты Ш.Мұртазаның саяси мінбеден айтқан сөзі // Түркістан. – 2002. – 13 маусым.

109. Қайыпбекова М. Шер-ағаң ауылға келгенде немесе әкемнің әңгімесі. // Ақ жол. – 2002. – 22 маусым.

110. Мугалимжан С., Жуманова Б. Меценатство возвращается // Азия транзит. – 2002. – № 6. – С. 63

111. Жақан Ә. Заңғар қаламгер мерейтойына арналған турнир // Азия Транзит. – 2002. – № 7(28). – 2-3 б.

112. Парламент: іс пен нәтиже: [Ә.Кекілбаев, А.Таспихов, Ш.Мұртаза, С.Әбдрахманов парламент туралы] // Қазақстан-заман. – 2002. – 5 шілде. – 2 б.

113. Иембердиев Қ. Тараздың 2000 жылдығын тойлау – ұлттың рухын көтеру [Жазушы Шерхан Мұртаза-70 жаста] // Ақ жол. – 2002. – 11 шілде.

114. Молдақұлов Ж. Шерхан – табиғат суреткері // Ақ жол. – 2002. – 23 шілде.

115. Байменов С. Посвящения // Нива. – 2002. – № 7. – С. 186-191.

116. Жұмабек С. Жұлдызы нұрлы суреткер: [Ш.Мұртазаның 70-ке толуына орай шыққан роман-монолог]// Алматы ақшамы. – 2002. – 17 тамыз. – 3-6 б.

117. Шимырбаева Г. Не юбилеи украшают человека, а трудолюбие и скромность. [Шерхану Муртазе 70 лет] //Казахстанская правда. – 2002. – 23 август. – С. 3.

118. Ғибраты мол ғұмыр. Шерхан Мұртазаға 70 жас // Жамбыл-Тараз. – 2002. – 4 қыркүйек. – 2 б.

119. Дәутайұлы Н. Шерхан. 29 қыркүйек – Қазақстанның Халық жазушысы Ш.Мұртазаның туған күні // Ақ жол. – 2002. – 21 қыркүйек. – 4-5 б.

120. Елшібек Ж. Шерағаң шыңы: [Шерхан Мұртазаға 70 жас] // Заң газеті. – 2002. – 25 қыркүйек (№ 40). – 3 б.

121. Тоқтамұрат Қ. Шерхан Мұртазаның журналистік қыры: Тұлға // Астана ақшамы. – 2002. – 26 қыркүйек. – 4 б.

122. Қалижанұлы У. Ұлтының мерейін асқақтатқан тұлға. [Шарболаттай Шерағаң – 70 жаста] // Ана тілі. – 2002. – 26 қыркүйек. – 5 б.

123. Әшімханұлы Д. Редактор-генератор: «Қазақ әдебиеті» Шерхан редактор болған жылдарда // Түркістан. – 2002. – 26 қыркүйек. – 5 б.

124. Айталы А. Қоғам қайраткері: [Шерхан Мұртазаға 70 жас] // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 27 қыркүйек. – 9 б.

125. Байырбек Н. Жұпарына еміренткен раушан гүлі: [Ш.Мұртаза туралы] // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 27 қыркүйек. – 8-9 б.

126. Мәмесейітов Т. Алысқа атылған жебе // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 27 қыркүйек. – 9 б.
127. Смайылов К. Үзеңгі дос: Көрнекті жазушы һәм қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза туралы толғаныс // Жұлдыз. – 2002. – № 9. – 5-11 б.
128. Тарази Ә. Арыстан жүректі Шерағаң // Заман Қазақстан. – 2002. – 27 қыркүйек. – 6 б.
129. Таразда туған тарланбоз Ш.Мұртаза 70 жаста // Қазақ әдебиеті. – 2002. – 27 қыркүйек.
130. Момыш-ұлы Б. По лезвию ножи с клинком дня: [Шерхану Муртаза – 70 лет] // Мысль. – 2002. – № 9. – С. 71-75.
131. Елеукенов Ш. Шерхан шері: [Шерхан Мұртаза – 70] // Жас Алаш. – 2002. – 28 қыркүйек. – 7 б.
132. Елеукенов Ш. Сен қылыш құсап кесіп сөйлейсің: [Шерхан Мұртаза – 70] // Жас алаш. – 2002. – 28 қыркүйек. – 7 б.
133. Чествование юбиляра. // Казахстанская правда. – 2002. – 3 октября. – С.1.
134. Кекілбайұлы Ә. Қазақтың Шерханы: Кесек суреткер, кемел қайраткер, асқақ азамат [Шерхан Мұртаза 70 жаста] // Егемен қазақстан. – 2002. – 4 қазан. – 3 б.
135. Кекілбаев Ә. Кесек суреткер, кемел қайраткер, асқақ азамат. Қазақтың Шерханы. [Шерхан Мұртаза 70 жаста] Егемен Қазақстан. – 2002. – 4 қазан. – 4 б.

136. Батырхан Т. Қазығын сүйген хас тұлға // Астана ақшамы. – 2002. – 5 қазан. – 1 б.

137. Құлкенов М. Ұлттың бақыты немесе мен білетін Шерағаң // Ана тілі. – 2002. – 17 қазан. – 4 б.

138. Смайылов К. Оның пірі – азаматтық ар [Халықтың ұлы Шерхан 70 жаста] // Қазақ үні. – 2002. – Қазан. – 5 б.

139. Майер А.В. О присвоении звания «Почетный гражданин города Астаны» // Вечерняя Астана. – 2002. – 2 ноября. – С.1

140. Сәттібайұлы К. Шерхан Мұртазаның желекті жетпісі: Әдебиет тарланы // Түркістан. – 2002. – 21 қараша. – 7 б.

141. Балтабаева Г. Шерхан Мұртаза – 70 жаста // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. – № 11. 3 б.

2003

142. Құдабай Р. Шерағаңмен бас қосқанда: [Тараз МУ-гі жазушы Ш.Мұртазамен болған кездесуден] // Ақ жол. – 2003. – 8 ақпан.

143. Нұртайұлы Ә. Ат үстіндегі адам // Жас алаш. – 2003. – 8 ақпан.

144. Төлепберген М. Өмірлік тайталастың тарланы: [Халық жазушысы Шерхан Мұртаза Алматыда өз оқырмандарымен қауышты] // Егемен Қазақстан. – 2003. – 12 ақпан. – 4 б.

145. Тілеубай Г. Қаламгер Шерхан Мұртазаның аудармалары хақында: [Ш.Мұртазаның аударма еңбектері] // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2003. – № 2. – 163-165 б.

146. Бердіқұлов С. Өтірігі жоқ өмір: [Зиялы қауымға тағзым, Ш.Мұртаза жайында] // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 2 мамыр. – 6 б.

147. Дүйсенбек Ә. Жарылмаған ағаң: [Жазушы Ш.Мұртазаұлының өмірінен бір бейне] //Қазақстан темір жолшысы. – 2003. – 16 шілде.

148. Өтеналиев Ш. Шерханды жұбату. //Егемен Қазақстан. – 2003. – 2 тамыз.

149. Сәттібайұлы К. Шерағаның «Швейцариясында...» [Жазушы Ш.Мұртаза туралы] //Жас алаш. – 2003. – 12 тамыз.

2004

150. Бөпежанова Ә. Мұртаза кеңістігі: [Жазушы Ш.Мұртаза туралы] // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 23 қаңтар. – 3 б.

151. Ақыш Н. Қасірет жылдарының кейіпкерлері қалай сомдалған: Ш.Мұртазаның «Қызыл жебесіндегі» Тұрар Оразбақ, Ахат, Түймегүл сияқты кейіпкерлердің сомдалған тұлғалары туралы //Ақиқат. – 2004. - № 4. – 42-47 б.

152. Олжай Қ. «Соңғы арбаның» соқпағы // Егемен Қазақстан. – 2004. – 27 қараша. – 4 б.

153. Мақұлова Л. Ш.Мұртаза шығармасындағы суреттеудің берілуі және тілдік құрылысы // Абай атындағы Қазақ ҰПУ хабаршысы. Фил. ғыл. сериясы. – 2004. - № 4. – 52-54 б.

2005

154. Дәутайұлы Н. Ел-жұрттың ерен тұлғасы. [Ш.Мұртаза жайлы.] //Ақ жол. – 2005. – 18 тамыз.

155. Рысдәулет М. Ашық ойдың сардары. [Қазақстанның халық жазушысы Ш.Мұртаза туралы үзік сырлар] // Ақ жол. – 2005. – 27 қыркүйек. – 4 б.

2006

156. Жолдыбекова А. Шерханның жан айқайы мен Айталының айтқаны ел енді немесе енді ел асқан перзент елеусіз қалмайды: [Шетелдіктердің асырап алуына берілген 655 бұйрықпен бекітілген ереже туралы] // Заң газеті. – 2006. – 8 ақпан.

157. Доскеева С. Шераға, ер аға: [Жазушы, қоғам қайраткері Ш.Мұртазамен Астана қ. М.Әуезов атындағы кітапханасында өткен кездесу кешінен] // Астана. – 2006. – 18 ақпан.

158. Дәутайұлы Н. Ел-жұрттың ерен тұлғасы: [Жазушы Ш.Мұртаза туралы] // Ақ жол. – 2006. – 1 сәуір.

2007

159. Бектасова Г. Заң шығаратындардың өзі заң бұзып жүр: Көрнекті жазушы Шерхан Мұртазамен сұхбат // Түркістан. – 2007. – 25 қаңтар. – 5 б.

160. Мақұлова Л. Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы автор бейнесі // Тілтаным. – 2007. – № 4. – 44-47 б.

161. Тоқсанбай Қ. Өмір жолы бірде қия, бірде өр: [Қазақстанның халық жазушысы Ш.Мұртаза мен журналист Ә.Дүйсенбекпен сұхбат] // Егемен Қазақстан. – 2007. – 10 тамыз. – 12 б.

162. Әлімжан Е. Домалақ ана: [Түркістан қалалық сазды драма театры Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Домалақ ана» драмасын сахнаға шығарды] // Егемен Қазақстан. – 2007. – 22 қыркүйек. – 8 б.

163. Ережепбайұлы М. Елге керек дәл өзіндей нар адам [Жазушы Ш.Мұртаза туралы] //Ақ жол. – 2007. – 27 қыркүйек.

164. Дәутайұлы Н. Шерағаң жайлы шертпелер [Елдің ерен тұлғасы 75 жаста] //Жамбыл. - № 3. – 24 б.

165. Менің Шерағам [Халық жазушысы Ш.Мұртаза туралы] //Ақ жол. – 2007. – 27 қыркүйек.

166. Жұмабек С. Жұлдызы нұрлы суреткер: [Халық жазушысы Ш.Мұртаза 75 жаста] //Дала мен қала. – 2007. – 28 қыркүйек. – 14 б.

167. Қайратұлы Б. Азаматтың айбынды ақ сақалы [Халық жазушысы Ш.Мұртаза 75 жаста] //Ақ жол. – 2007. – 29 қыркүйек.

168. Дәутайұлы Н. Шерхантаным: [Жазушы Ш.Мұртаза туралы] //Сын. – 2007. – Қараша. – 37-44 б.

2008

169. Айбеков Д. Шерхан Мұртаза: «Елдің ауасы – ем, суы дәрі» //Алтын орда. – 2008. – 13-19 қараша. 10 б., Ақ жол. – 2008. – 15 қараша.

170. Піралиева Г.Ж. Асыл ана бейнесі: [«Ай мен Айша» романы бойынша] //Сын. – 2008. – № 3-4. – 97-103 б.

171. Көпбаева М. Шерхан Мұртаза шығармаларының қазіргі қазақ әдебиетіндегі орны //Ізденіс. Гуманитарлық ғыл. Сер. – 2008. – № 4 – 180-187 б.

